



4-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭСТЕТИКА

Эстетикалық қызметтің
терминологиялық аппараты





Жоспар:

1. Эстетикалық – эстетиканың жүйе құрушы метакатегориясы
2. Эстетикалық – құндылық ретінде
3. Эстетикалықтың жүйе құрушы мағынасы

Қоғамның эстетикалық практикасы тек эстетикалық құндылықтар әлемін, адамның эстетикалық қажеттіліктерінің көп түрлілігін ғана туындатпайды, әлемді эстетикалық игеру тәжірибесінде бекітілген түсініктер жүйесі, эстетикалық категорияларды жасайды. Мәдениеттанушы-ғалым, философия ғылымдарының докторы Ақтолқын Құлсариева бойынша: «Қандай да болмасын эстетикалық теория белгілі бір эстетикалық категориялар жүйесін құрмай тұрмайды. Тіпті сол категориялар жүйесінің болуының өзі әлгі теорияның ғылыми дәйектілігін танытады, іс жүзінде теория етеді».

Юрий Боровтың «Эстетика» оқулығында эстетикалық практиканың рухани моделі болып табылатын әсемдік, ұсқынсыздық, төмендік, трагедиялық, комедиялық, асқақтық, эстетикалық және тағы да басқа эстетикалық категориялар қарастырылады. Ал, оларды сараптамас бұрын эстетикалық қабылдау, эстетикалық көзқарас, эстетикалық әсер, эстетикалық талғам, эстетикалық идеал сияқты маңызды ұғымдарды қарастыра кетейік.

Эстетикалық қабылдау бұл шынайы әлемде жалпыадамзаттық маңызы барды тұлғаның рухани-мәдени иеленуі. Ал, Николай Гартман бойынша эстетикалық қабылдауда көрген мен сезінгеннің барлығы қандайда да бір маңызға ие болады.

Ал, **эстетикалық көзқарас** – қабылданған объектінің бейнесінде бекітілген эстетикалық қабылдаудың нәтижесі.

Эстетикалық әсер – эстетикалық көзқарас туралы жады, олардың бағасы және санада сақталуы.

Жалпы, **эстетикалық талғам** – тұлға мәдениеті мен эстетикалық әсердің шығармашылық өңдеуінен туындаған эстетикалық бағдарлар жүйесі. Осы ретте профессор Ақтаоқын Құлсариева эстетикалық талғам – әр түрлі эстетикалық қасиеттерді көңіл күй сезімімен бағалау, ең алдымен сұлулықты, әседікті ұсқынсыздықтан ажырата білу жөнінде қоғамда практика қалыптастыратын адам қабілеті деп атап өтеді.

Эстетикалық идеал туралы ой қорытатын болсақ, ол адам қызметінің мақсаты, өлшемі және векторы болатын шындық пен мәдениеттегі жоғарғы үйлесімділік пен кемелділік туралы көзқарас. Идеал ең үздік эстетикалық бағдарларды таңдау арқылы, қалыптасқан эстетикалық талғам арқылы құрылады. Құбылыс оның идеалмен қатар қойылуы арқылы бағаланады. Идеал шынайылыққа сәйкес келмеуі мүмкін және ойша қалайтын, бірақ шын мәнінде жоқ заттың, пайда болған және саналы түрде мойындаған затқа қажеттіліктегі ең үздігінің гиперболизациясы болып табылады.

Эстетикалық концепция – адамдардың эстетикалық қызметінің теориялық мазмұндалған тәжірибесі.

Эстетикалық көзқарастар – бір қоғамда басым болған эстетикалық концепциялардың, адамдардың эстетикалық және көркемдік тәжірибесін анықтайтын, олардың материалдық және рухани қызметінің құндылықтық аспектілерінің жүйесі.

Осы жерді эстетика ғылымы үшін тағы да бір маңызды сұрақ – қоғамның көркемдік мәдениеті, ол көркемдік шығармашылықтың, оның өнімдерінің, яғни, өнер туындылары, көркемдік зиялы қауым өкілдерін дайындаушы – жоғары оқу орындары, студиялар және өнердің әлеуметтік қызмет атқаруын қамтамасыз ететін музейлер, кітапханалар, кинотеатрлар, театрлар, концерт залдары сынды мекемелердің жиынтығы.

Ал, қоғамның эстетикалық мәдениеті туралы айтып өтсек, ол эстетикалық қызметтің барлық формаларымен және оларды қамтамасыз ететін мекемелермен бірлескен қоғамның көркемдік мәдениеті.

Эстетикалық көзқарас, талғам, идеал эстетикалық қызметтің барлық формаларын, оның өнімдерін анықтайды.

Эстетикалық категориялар жүйесіндегі ең негізгі категориялардың бірі немесе бастапқы ұғым ретінде саналатын, жүйе құрушы метакатегория эстетикалық категориясына тоқталайық.

«Эстетикалық» сөзінің өзі әлдеқашан зат есімге айналған сын есімді білдіреді. Эстетикалық бұл эстетикалық шынайылықтың барлық құбылыстарын қамтитын ең жалпы және іргелі категория болып табылады. Эстетика өз бастауын сұлулықтың табиғаты мен мәні не деген сұрақтан алады. Қандай құбылыстарды біз эстетикалық деп аламыз деген сұраққа жауап іздеп көрейік. Эстетикалықтың мынадай эмпирикалық белгілерін бөліп көрсетуге болады: 1. Эстетикалық құбылыстардың міндетті түрде сезімдік сипаты бар. Сұлулық тікелей қарым-қатынасқа түскенде айқындалады. Рационалдық, мистикалық немесе



діни көзқараста эстетикалықты айшықтау мүмкін емес. Бұл ерекшелік, аса жоғары эстетикалық және адамгершіліктік қасиеттерді бөледі, мәселен, жақсылықты көзбен көре алмайсың. 2. Бұл міндетті түрде дәл белгілі бір уақытта бастан өтетін сезімдік қасиеттер, эстетикалық құбылыстар дейін немесе кейін болуы мүмкін емес. 3. Эстетикалық қасиеттер пайда көздемейтін сипатқа ие, белгілі бір мүддені мақсат тұтпайды. Неміс философы Иммануил Канттың сөзімен айтсақ, әлемнің немесе адамның сұлулығына назар аудару адам жаны үшін зор құндылыққа айналады.

Осылайша, субъектіге эстетикалық көзқарас адамның қоғамдық тәжірибені жан-жақты және толыққанды игеру мөлшерін білдіргендіктен утилитарлы және практикалық біржақтылықтан ерекшеленеді. Эстетикалық қарым-қатынаста шектелген эгоистік мүдде мен пайдаға тәуелсіз, затқа немесе құбылысқа деген шынайы адамдық қарым-қатынасқа дейін көтеріледі. Міне сондықтан, эстетикалық қарым-қатынас рухани болып табылады және адамның рухани әлемін дамытады. Бұл жерде, мұндай рухани қарым-қатынас дамыған адами сезімдіктің негізінде туындайтынын ұмытпаған жөн. Өйткені, кәдімгі ойлау, әдетте, сезімдік рахатты дөрекі, шектеулі және руханилыққа тікелей қарама-қарсы деп қарастырады. Ал рухани қарым-қатынас сезімдік рахатты жоққа шығаратын, ақылға негізделген ретінде қабылданады. Демек, эстетикалық категориясы әлемдік-тарихи тәжірибенің арнайы адамдық сезімдік астарын сипаттайтын, еркіндік пен адам еңбегінің қажеттілігі қарама-қайшылығын жоятын жалпы тұжырымдама болып табылады. Адам өзінің эстетикалық тәжірибесі арқылы еркін болады. Осы ыңғайға қатысты бірнеше сұрақ туындайды: 1. Егер де барлығы адамға тәуелді болса, онда неге теріс эстетикалық қасиеттер бар? Ұсқынсыздық – бұл әлемнің бізге жүктейтін көрінісі. Эстетикалық құндылықтардың барлығын субъективті түрде түсіндіре алмаймыз. Немесе, мәселен, трагедиялық, адамға трагедия не үшін қажет? Бұр сұрақтар ашық күйінде қалып келеді. 2. Эстетикалық тәжірибенің сәйкестігін қалай түсіндіруге болады? Миллиондаған адамдар трагедияны трагедия, ал комедияны комедия ретінде қабылдайды. Бұның қандай да бір объективті негізі бар шығар? Осылайша, эстетикада эстетикалықтың мәнін түсіндіруде тарихи тұрғыда екі шек қалыптасты: кейбір ойшылдар субъектіні елемей, объектіге баса назар аударады, ал кейбірі керісінше. Екеуі де кейбір деректерге қарсы келіп, қайшылық тудырады. Шамасы, эстетикалық екеуімен де байланысты ерекше шынайылық болса керек, яғни, объек пен субъектінің өзара байланысынан туындайды. Сонда эстетикалық қасиеттер қандай? Бұл тек объект пен субъект арасында қарым-қатынас болған жағдайда ғана туындайтын және тіршілік ететін ерекше реляциялық қасиеттер. Реляциялық теория өз бастауын Сократтан алады, демек, әсемдік – субъект пен объект түйісуі, оның қиылысы, қарым-қатынас феномені. Адам мен әлем қарым-қатынасы әр түрлі болуы мүмкін. Эстетикалық қарым-қатынас ерекшелігі неде сұраққа жауап беретін болсақ, құндылықтық қарым-қатынас екендігі айқындалады. Ал, эстетикалық қасиеттер туралы айта кетсек, ол функционалдық қасиеттер болып табылады, олар туынды, субъект пен объект арасындағы қарым-қатынаста өзгереді.

Осы ретте, өз зерттеулерінде профессор Бәтін Қазыханова адамның эстетикалық дамуы тарихтың жалпы объективті заңдалықтарына негізделетінін атап өтеді. Тарихта көптеген кезеңдер бар, бірақ олар өзінің эстетикалық әр түрлілігімен ерекшеленеді. Әсемдік әлемі бұл тек әдебиет пен өнер саласы емес, қоғам мен табиғаттың тікелей және мақсатты өзара әрекеті.

Юрий Боров өз еңбегінде эстетикалық тұжырымдамасын жан-жақты сараптай отырып, оның бес теориялық моделін ұсынады. Эстетикалықтың теориялық моделін талдайық. Эстетикалық бұл метакатегория, яғни, эстетиканың кең және іргелі категориясы. Ол әсемдікке, ұсқынсыздыққа, ақсақтыққа, төмендікке, трагедия, комизмге, драматизмге және өнер мен өмірдің басқа да эстетикалық қасиеттеріне тән сипаттарын көрсетеді. Эстетикалық жеке және эстетикалық білім жүйесінің негізгі категориясы ретінде ХХ ғ. екінші жартысында ғана мойындалды. Бұған дейін эстетиканың түпкі категориясы – әсемдік – эстетикалықтың, яғни, эстетикалық қасиеттердің теориялық сезінуі мен «пайда болуына» байланысты болды.

Эстетикалықтың және оған біршама жақын әсемдіктің табиғаты қандай? Оны анықтау келесі сұрақтар жауабын болжайды: 1. Эстетикалық қатынастың объектісі қандай? 2. Адамның қызметінің тұрмыстағы рөлі? 3. Эстетикалық пайда табумен қалай байланысты? Бұл сұрақтардың жауабына эстетика тарихында әр түрлі эстетикалықтың бес теориялық модельдеріне біріктірілен жауаптар берілді. Эстетикалық ойдың тарихында қалыптасқан әсемдік концепциясы эстетикалықтың теориялық модельдерінің біріне сәйкестендіріледі және әсемдіктің алуан түрлі концепциялары аталған теориялық модельдердің біріне кіреді.

Эстетикалықтың I моделі – объективті-рухани, объективті-идеалистік: мұнда эстетикалық – әлемнің Құдаймен немесе абсолютті идеямен жандандыру нәтижесі. Эстетикалықтың бұл моделіне әсемдіктің



бірінші моделі сәйкес келеді: әсемдік – Құдайдың нақты заттары мен құбылыстардағы жарығы, бұл Тертуллиан, Фома Аквинский, Франциск Ассизский ілімдерінде орын алған немесе абсолютті идеяның іске асуы Платон, Гегель идеяларында көрініс табады.

Эстетикалықтың II моделі – субъективті-рухани, персоналистік, субъективті-идеалистік: бұл жерде эстетикалық – нейтралды эстетикалық қызметке тұлғаның рухани байлығын бағыттауы. Эстетикалықтың бұл моделіне әсемдіктің екінші моделі толық сәйкес келеді: қызмет эстетикалық тұрғыда нейтралды, оның әсемдігінің негізі – Теодор Липпс, Шарль Лало, Эрнст Мейман көзқарасы бойынша – индивидтің жанында, Жан Польдің пікірінше әсемдік «тарылу», «жақсылық жасау», Бенедетто Кроче іліміне сәйкес «сезіну», Николай Гартманның түсінігінде «жобалау» арқылы, адамның рухани қызметінің шындыққа әсерінен пайда болады; әсемдік – Франц Brentano, Алексиус Мейнонг және басқа да феноменологтар бойынша субъектінің затты интенционалды, яғни, бағытталған, белсенді қабылдауының нәтижесі. Бұл концепцияда эстетикалық құндылықты бағалау өлшемі жоғалады, эстетикаға еріктілік басымдылық жасайды.

Эстетикалықтың III моделі – субъективті-объективті, дуалистік: ол эстетикалық шынайылық пен адами рухтың бірігуінің нәтижесінде пайда болады. Бұл модельге әсемдіктің үшінші моделі сай келеді: Аристотель пайымы бойынша, әсемдік адамның сұлулықтың өлшемі ретінде өмірінің қасиеттерімен қатынасының нәтижесі немесе Сократ атап өткендей, оның тәжірибиелік қажеттіліктері.

Эстетикалықтың IV моделі – «табиғи», «материалистік»: бұл эстетикалық – Дени Дидро, басқа да француз материалистері пәкәрәне сәйкес, заттардың салмағы, түсі, симметриясы, формасы секілді табиғи қасиеті. Біраз жылдар бойы біздің мәдениет тарихында белгілі бір кезеңді алатын кеңес ғылымында эстетикалық пен әсемдіктің үшінші модельмен қатар осы төртінші модель басым болды. Бұл концепция төртке бөлінеді:

1) егер эстетикалық физикалық және химиялық секілді табиғаттың қасиеті болса, оны зерттеумен неге жаратылыстанушы ғалымдардың айналыспауы түсініксіз;

2) заттың эстетикалық қасиеттерін өлшейтін құрал – талғам – заттың физикалық қасиетін өлшейтін салмақ пен басқа да құралдардан ерекшеленеді;

3) эстетикалықты «табиғи» түсіну эстетиканы моизмнен ажыратады: бір ғана негізге сүйене отырып, эстетикалық категорияларды түсіндіруде мүмкін емес болып қалады, демек, әсемдік пен асқақтатылған табиғи қасиеттер ретінде, ал трагедия мен комизм қоғамдық қасиеттер, яғни, қоғамдық қайшылықтар нәтижесі ретінде сипатталады.

Эстетикалықтың V моделі – қоғамдық концепция: бұл жерде эстетикалық – құбылыстардың адамның өмірімен, құбылыстардағы жалпыадамзаттық маңызы бар қасиеттер қатынасымен шартталған объективті қасиеті. Эстетикалық әлемдегі құбылыстарды адамның қызығушылық саласы мен барлығын адамзатқа қатыстыратын адам қызметінің нәтижесінде пайда болады. Бұл модельге әсемдіктің бесінші моделі толық сәйкес келеді: әсемдік – адамның қызметі арқылы тұлғаның қызығушылықтары саласына бағытталған және адамзатқа түр ретінде жағымды құндылықтарға ие болған табиғи құбылыс.

Эстетикалық бұл әсемдік, ұсқынсыздық, асқақтық, төмендік, трагедиялық, комедиялыққа және өзге де өмір мен өнердің өзге де сипаттамаларына тән ортақтықты көрсететін ең ауқымды және іргелі категория. Эстетикалықтың ең жоғарғы көрінісі өнерде орын алатын әсемдік болып табылады.